

## Интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 11 мамырдағы № 617 қаулысы. Қостанай облысы Рудный қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 4 маусымда № 9-2-213 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 431 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 21.04.2016 № 431 қаулысымен.**

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5-6) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына сәйкес Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота Рудный қаласының барлық меншік нысанындағы кәсіпорындарындағы, ұйымдары мен мекемелеріндегі жұмыс орындарының жалпы санынан бір проценті мөлшерінде белгіленсін.

2. "Рудный қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі өтініш білдірген интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды жұмысқа жіберу барысында осы қаулыны басшылыққа алсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Рудный қаласы әкімінің орынбасары А.А. Ишмұхамбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Рудный қаласының әкімі*

*Б. Фаязов*